

Ресей Федерациясының ДСҰ шеңберіндегі міндеттемелеріне сәйкес тауарлардың жекелеген түрлеріне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі кедендік әкелу баждарының ставкаларын белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 30 мамырдағы № 59 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес және Көп тарапты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы 2011 жылғы 19 мамырдағы шарттың негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі кедендік әкелу баждарының ставкалары (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертулер (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай мазмұндағы 17 С – 23 С ескертулермен толықтырылсын:

"17С) Кедендік әкелу бажының ставкасы кедендік құнынан 15 %, бірақ 1 данасына кемінде 1,24 евро көлемінде 01.09.2017 жылдан қоса алғанда 31.12.2017 жылға дейін қолданылады.

18С) Кедендік әкелу бажының ставкасы кедендік құнынан 7 %, бірақ 1 данасына кемінде 4 евро көлемінде 01.09.2017 жылдан қоса алғанда 31.12.2017 жылға дейін қолданылады.

19С) Кедендік әкелу бажының ставкасы кедендік құнынан 7 %, бірақ 1 данасына кемінде 7 евро көлемінде 01.09.2017 жылдан қоса алғанда 31.12.2017 жылға дейін қолданылады.

20С) Кедендік әкелу бажының ставкасы кедендік құнынан 5 %, бірақ 1 кг үшін кемінде 0,21 евро көлемінде 01.09.2017 жылдан қоса алғанда 31.12.2017 жылға дейін қолданылады.

21С) Кедендік әкелу бажының ставкасы кедендік құнынан 10 %, бірақ 1 кг үшін кемінде 0,8 евро көлемінде 01.09.2017 жылдан қоса алғанда 31.12.2017 жылға дейін қолданылады.

22С) Кедендік әкелу бажының ставкасы кедендік құнынан 15 %, бірақ 1 кг үшін кемінде 1,17 евро көлемінде 01.09.2017 жылдан қоса алғанда 31.12.2017 жылға дейін қолданылады.

23С) Кедендік әкелу бажының ставкасы кедендік құнынан 12 %, бірақ 1 кг үшін кемінде 0,88 евро көлемінде 01.09.2017 жылдан қоса алғанда 31.12.2017 жылға дейін қолданылады."

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде 2017 жылғы 1 қыркүйектен кейін күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 30 мамырдағы
№ 59 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құнның пайызымен не еуромен, не АҚШ долларымен)
4012 20 000 9	— — өзгелері	15 ^{17С)}
9102 11 000 0	— — тек механикалық индикациямен	7 ^{18С)}
9102 19 000 0	— — өзгелері	7 ^{18С)}
9102 21 000 0	— — автоматты түрде жүретін	7 ^{19С)}
9102 29 000 0	— — өзгелері	7 ^{19С)}
9402 10 000 9	— — өзгелері	5 ^{20С)}
9404 21 100 0	— — — резеңкеден	10 ^{21С)}
9404 21 900 0	— — — пластмассадан	15 ^{22С)}
9404 29 100 0	— — — серіппелі	15 ^{22С)}
9404 30 000 0	— ұйықтауға арналған қаптар	15 ^{22С)}
9404 90 900 0	— — өзгелері	12 ^{23С)}